

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Ғылыми-әдістемелік кеңесінің
2020 ж. « _____ » _____ мәжілісінің
№ _____ хаттамасымен
бекітілген**

**Оқу-ісі жөніндегі проректор
А. К. Хикметов**

**«Сән, интерьер дизайні және өнеркәсіптік дизайн» білім беру
бағдарламаларының топтамасы
«Дизайн» білім бағдарламасы бойынша түсу емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы
мәжілісінде қарастырылған
16.06.2020 ж. №42 Хаттама
Кафедра меңгерушісі _____ **А.Рамазан**

Факультеттің әдістемелік бюросында мақұлданған
23.06.2020 ж. №10 Хаттама
Әдістемелік бюро төрағасы _____ **М. Негизбаева**

Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген
30.06.2020 ж. №10 Хаттама

Ғылыми кеңес төрағасы
Факультет деканы _____ **С. Медеубек**

Ғалым хатшы _____ **Р.С. Жақсылықбаева**

МАЗМҰНЫ

Магистратураға азаматтарды қабылдау тәртібі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының типтік қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Шығармашылық емтихан журналистика факультетіне «Дизайн» оқу бағдарламасына түсетін талапкерлердің бәріне міндетті. Шығармашылық сынақтың басты міндеті – талапкердің шығармашылық қабілетін, оның таңдаған мамандығына бейімділігін, кәсіби бағдарын, зияткерлік ой-өрісін әділетті түрде бағалау.

1. Мамандық бойынша оқуға түсу емтиханының мақсаты мен міндеттері

- ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізу дағдыларын алу, докторантурада білім жалғастыру үшін қажетті ғылыми жұмыс тәсілдерін игеру;
- ЖОО педагогикасы мен психологиясы саласындағы қажетті білім минимумын, ЖОО-да сабақ беру тәжірибесін алу;
- дизайндағы редакциялық баспа, маркетингтік және ақпараттық технологияларды ғылыми негіздеу, жасау мен енгізу;
- дизайнның және педагогикалық қызметтің теориялық проблемаларын игерудегі магистранттардың теориялық, тәжірибелік және жеке дайындығын тереңдету;
- ақпараттық салада ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметті, қоғамның түрлі құрылымдарының бұқаралық коммуникация құралдарымен өзара жұмысы саласында зерттеулерді жүзеге асыра алатын мамандарды ғылыми тұрғыдан даярлау;
- оқытушылық қызметті жүзеге асыру.

2. Магистратураға түсуші тұлғалардың даярлық деңгейлеріне қойылатын талаптар

Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

Бітірушінің түсінігі болуы керек:

- қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар туралы;
- дизайнның өзекті практикалық проблемалары туралы;
- дизайнның іргелі кәсіби негіздері туралы.

білуі керек:

- дизайн саласындағы негізгі тенденцияларды;
- дизайн дамуының негізгі кезеңдерін;
- компьютерлік графика бағдарламаларын кәсіби деңгейде жетік білуге;
- негізгі стильдер сипаттамаларын;
- стиль жасау қағидаттарын;
- дизайн саласындағы негізгі талдамалар авторларын;
- жинақталған бір немесе бірнеше тарихи деректерден салыстыру жасауды және дизайн бойынша таңдап алынған тақырыптың ерекшеліктерін атап көрсетуді білуге міндетті.

істей білуі керек:

- дизайн тарихы мен теориясы бойынша арнайы әдебиетті пайдалана білуі;
- стиль құрамдарын айқындап, олармен жұмыс істей білуі;
- дизайнның кезеңдерін және оларға тән тәсілдерді сыныптай білуі тиіс.

дағдысы болуы керек:

- ғылыми зерттеудің әдістерін, мақсаттарын, нәтижелерін таңдау, қолданысқа енгізу;

білікті болуы керек:

- дизайнерлік өнердің өзекті мәселелерінде.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

1. Сурет1– 6 кредит ECTS

2. Шетел тілі – 5 кредит ECTS

4. Шығармашалық емтихан екі кезеңде өткізіледі:

1. Клаузура (эскиз, идеяның эскизі, дизайнерлік мәселені шешудің бастапқы мақсаты).
2. Рефератты қорғау

Клаузура үшін ең жоғары балл саны – 35

Рефератты қорғау қорытындысы бойынша ең жоғары балл саны – 35

1 кезеңі. Шығармашылық жұмыс. Клаузура.

Сурет арнайы бөлінген аудиторияда ұсынылған үш тақырыптың біреуіне алты сағаттық уақыт ішінде салынады. Шығармашылық жұмыстың тақырып үлгілерін шығармашылық экзаменге жауапты журналистика факультетінің оқытушысы емтихан алдындағы кеңес беру кезінде хабарлайды.

Шығармашылық жұмыс 35 баллдық жүйе бойынша қойылады. 17 баллдан төмен – қанағаттанарлықсыз баға.

1 емтихан. Шығарма жұмысын бағалау өлшемдері:

- Берілген тақырыпты жан жақты ашу, негізгі идеяны жеткізу – 15 балл;
- Кеңістік бетіне композицияны өлшем-қатынастарды сақтай отырып орналастыру – 10 балл;
- Берілген тақырып бойынша клаузураны аяқтау, бояуларды дұрыс пайдалану – 10 балл.

2 кезеңі. Шығармашылық жұмыс. Рефератты қорғау.

Рефератты қорғау барысы қысқаша теориялық мазмұнды баянадаумен ұсынылады (15 мин дейін). Талапкер ұсынылған тақырып бойынша материалды еркін меңгеруі қажет: таңдаған тақырыпты аша білу, тақырыпқа байланысты мәселелерді көтеру, жұмыстың жаңашылдығын көрсету, жүргізілген әдістері мен қорытындыға ұсынылатын жұмыс барысында қарастырылған мәселелердің барлық шешімдерін көрсету. Содан кейін қосымша сұрақтар қойылады.

Шығармашылық емтиханды бағалау 35 балдық жүйемен қойылады. 17 балдан төмен болған жағдайда – қанағаттандырылмаған болып есептеледі.

2 емтихан. Рефератты бағалау өлшемдері:

1. Мәселенің өзектілігі, эрудиция, аналитикалық ойлау, ғылыми аппаратты игеру, мәселені шешуге ұсынылған жауаптар – 15 балл;
2. Жұмыста ғылыми компоненттердің болуы, рефераттың тақырыбын ашуға арналған мәселелердің жауаптарын табу – 10 балл;
3. Өз ойын ауызша жеткізе білу, өзінің көзқарасы мен тұжырымдамаларын сенімді қорғай білу – 10 балл.

Рефератты қорғау міндетіне мыналарды анықтау кіреді:

1. Мамандық таңдаудағы саналылықпен, уәж;
2. Әлеуметтік бағыт-бағдар;
3. Дизайн саласы бойынша хабардарлық;
4. Талапкердің жалпы мәдени деңгейі, ой-өріс кеңдігі;
5. Талапкердің қызығушылық аясы;
6. Болашақ кәсібіне қажетті қасиеттер.

Емтихан тақырыптарының тізімі

1. Материалдық мәдениет және дизайн тарихы

Қазіргі заманғы дизайнның тарихи даму кезеңдерін және перспективалы бағыттары. Дизайн дамуының теориялық тұжырымдамалары. Дизайнерлік жобалау теориясы мен әдістері. Дизайн нысандарын жобалау үдерісінде қолданылатын заңдылықтарды, жобалау кезеңдері міндеттері. Дизайн-жобалау түрлері, дизайнның қалыптасу тарихы, перспективалы бағыттары. Дизайн және оның қазіргі қоғамдағы рөлі. Заманауи дизайнның түрлері мен бағыттары. XX ғасырдың стильдік бағыттары. Минимализм. XX ғасырдағы дизайнды

дамыту. Қазіргі заман өнері және дизайн. Ренессанс дәуіріндегі интерьер. Ренессанс стилінің негізгі сипаттамалары. Постмодернизм. Негізгі қасиеттері мен ақпараттары. Ежелгі әлемнің интерьері. Египет. Мазар және храмдар интерьері. Ішкі ортаны интерьер безендіру элементтері. Дизайн ерекшелігі. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар. Конструктивизм стилінің тұрғын және қоғамдық ғимараттарының интерьерлері (1920-1930). Стыльді қалыптастыру негіздері және стильді сипаттау. Рококо стиліндегі интерьер. Интерьерді безендірудегі негізгі сипаттамалары және қолданбалы материалдар. Ежелгі әлемнің интерьері. Ежелгі Греция. Архитектуралық құрылымдардың түрлері (типология, аудандастыру және аймақтарды бөлу әдістері).

2. Компьютерлік графика

Компьютерлік графика негіздері, компьютерлік графиканың бағдарламалық құралдары, түс берілу негіздері, графикалық форматтар мен олардың құрылымдары, графикалық ақпарат енгізу/беру құрылғылары, олардың сипаттамасы мен дәлденуі, растрлеу әдістері, растрлік бейнелерді өзгерту әдістері, компьютерлік дизайн негіздері, бейне жасау және талдау, композиция негіздері, пропорция мен перспектива; растрлік және векторлік графикамен жұмыс әдістері, бейнені өңдеу және түзету, графикалық жобалар, компьютерлік қаріптерді жасау негіздері, фирмалық стиль жасау әдістері.

3. Дизайнға заманауи материалдар

Көркемдік жобалау негіздері, дизайн нысанын қабылдау психологиясының негіздері, дизайнның функционалдық кешені. Жобалаудың нақты міндеттері, стильдерді. Дизайн саласындағы кәсіби маман берілген өлшемдер бойынша дизайнның кез келген нысанын талдау, дизайн дамуының өзекті тенденцияларын айқындау.

Рефератты қорғау барысында талапкерге мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

- Өмірбаяндық сұрақтар (егер олар қажет болған жағдайда);
- Талапкердің таңдаған кәсібі мен мамандығына бейінділік деңгейін, мұндай таңдаудың саналы түрде жасалғандығын анықтайтын сұрақтар;
 - Талапкердің қоғамдық-саяси дайындығын айқындайтын сұрақтар;
 - Өзіндік ойлау қабілеттігін айқындау сұрақтары;
 - Талапкердің жалпы білім беру бағдарламасы аясындағы қоғамтану, тарих, мәдениет жайлы ой-өрісін айқындайтын сұрақтар. Талапкер тарихи, мәдени қоғамдық оқиғаларға, оған қатысушыларға деген жеке көзқарасын негіздей біліп, қоғамдағы пікірталастық мәселелерді көрсетіп, олар туралы өзіндік ой-тұжырымдарын жеткізе алуы қажет;
- Қызығушылық шеңберін, ой-өрісін, әртүрлі істерге және қызмет түрлеріне бейімділігін айқындайтын сұрақтар;
 - Тұлғаның психологиялық сапасын айқындауға арналған, талапкердің мінезін бақылаумен толықтырылған (аңғарымпаздық қауымдастықшылық, образды ойлау, назарды оқиға шапшаң аудару, талдамалы ойлай білу, көркем сөйлеу, тілтабысушылық, тапқырлық т.б.) сұрақтар;

Комиссия қорытынды бағасы бойынша алқалық шешім қабылдайды, қажет болған жағдайда айрықша ескертулер жасайды.

Негізгі әдебиеттер:

1. Любимов Л.Д. «Искусство древнего Мира». М., 1990.
2. Кес Д. «Стили мебели». Будапешт, 1991.
3. Коркодейл И. М. «Убранство жилого интерьера» М.,1990.
4. Бахти А. «Шумеры, казахи, скифы». Алматы, 2002.
5. Кашбаев А. «Агашою». Алматы, 1994.
6. Федоров Т.А. «Искусство кочевников и Золотой Орды». М.,1978.
7. Маргулан А.У. «Казахская юрта». Алматы, 1988.
8. Ковешникова Н.А. «Дизайн»: история и теория. М.,2004.
9. Учебник «Дизайн архитектурной среды». М.,2004.

10. Безмоздин Л.Н. «В мире дизайна». Ташкент 1990.
11. Раннев В.Р. «Интерьер». М.,1987
12. Адамчик М.В. Дизайн и основы композиции в дизайнерском творчестве и фотографии. - Минск: Харвест, 2010. – 192с.
13. Беляева С.Е. Основы изобразительного искусства и художественного проектирования. Уч. пособ. – М.: Академия, 2007. – 208с., ил.
14. Корриган Дж. Компьютерная графика. Секреты и решения. -М., 1995.
- 15.Мак Клелланд Д. PhotoShop. Библия пользователя. -М., 2000.
- 16.Николь Н., Альбрехт Р. Графический редактор CorelDraw. -М., 1994.
- 17.Петров М. Эффективная работа в PhotoShop CS. -М., 2003.
12. Потапкин А.В.,КучвальскийД.Ф. 3D Studio MAX: Практическое пособие. – М.:Эком, 1997. – 480с.

Қосымша әдебиеттер:

13. Соловьева В.В. Компьютерная графика для художников и дизайнеров. Первое знакомство, -Нальчик, 1997. -19 с.
14. Соловьева В.В., Черкез Г.Б. Компьютерная графика для художников и дизайнеров. История компьютерной графики. -Нальчик, 1999. - 24 с.
- 15.14. Шимко В.Т. Архитектурно-дизайнерское проектирование: Учебное пособие. –М: Архитектура-С, 2007.
15. Шимко В.Т. Основы дизайна и средового проектирования. Уч. пособ. – М.: Архитектура-С, 2007. – 160с.: ил.
16. Элам К. Геометрия дизайна. Пропорции и композиция. – СПб: Питер, 2011. – 112с.: ил.
17. Безмоздин Л.Н. «В мире дизайна». Ташкент 1990.
18. Раннев В.Р. «Интерьер». М.,1987.
19. Соколова Т. И. «Художественная мебель». М.,2002.
20. Михайлов С.М., Кулеева Л.М. Основы дизайна. Учебник. –Казань: Новое знание, 1999.

Бағалардың саралануы төмендегідей:

– 35-30 балл комиссия мүшелерінің барлық сұрақтарына толық, негізді, дәйекті түрде өте жақсы жауап берген талапкерге қойылады;

– 29-17 балл – сұрақтардың көпшілігіне жауап берген, бірақ зияткерлік қабілетін жарқын түрде таныта алмаған, журналистік мамандықтың табиғатын түсінетін, білім деңгейінің жақсы екенін танытқан талапкерге қойылады;

– 16-6 балл – айтарлықтай толық жауап бере алмаған (жауаптан ауытқыған), журналистік кәсіп туралы түсінігі үстіртін, БАҚ дамуы туралы жағдайды және жекелеген авторлардың шығармашылығын орынды бағалай алмаған талапкерге қойылады.

– 5 баллдан төмен «қанағаттанарлықсыз» - комиссия мүшелерінің сұрақтарының көпшілігіне дерлік жауап бермеген, таңдаған мамандығы туралы түсінігі өте нашар, аймақтағы (қаладағы) әлеуметтік-саяси жағдаймен нақты таныс емес, оқығаны аз талапкерге қойылады.

Шығармашылық емтихан шығармашылық немесе кәсіби бағыттық емтихан болып табылады. Бағалар талапкерлерді конкурстық іріктеу кезінде баллдың жалпы санына кіргізіледі.